

Активтерді тікелей сату арқылы өткізу шарттары және конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар

Активтерді тікелей сату арқылы өткізу кезінде конкурс қатысушыларына қатысты мынадай шарттар мен талаптар белгіленеді:

I. Активтерді тікелей сату арқылы өткізу шарттары:

1. Конкурсқа қатысуға жеке және заңды тұлғалар жіберіледі.
2. Тікелей сату кезінде сатып алушы сатып алу-сату шартын жасасқанға дейін бағалау құнының кемінде 20 (жиырма) пайызы мөлшерінде бастапқы жарна енгізуге міндетті. Актив құнының қалған сомасы 100 (жүз) айға дейінгі мерзімге бөліп төлеу арқылы төленуі мүмкін.
3. Сатып алынатын мүлік берешек толық өтелгенге дейін кепілге беріледі.
4. Төлем Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын бекітілген төлем кестесіне сәйкес ай сайын жүзеге асырылады.
5. Жіберілген претензия бойынша белгіленген мерзімде берешек өтелмеген жағдайда, ӘКК Сатып алушыға сотқа дейінгі претензияны алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде берешектің барлық сомасын толық өтеу талабымен сотқа дейінгі претензия жібереді.
6. Сотқа дейінгі претензияда көрсетілген мерзімде берешек өтелмеген жағдайда, ӘКК-нің жауапты бөлімшесі 5 жұмыс күні ішінде сот арқылы өндіріп алуды бастау ұсынысымен ӘКК-нің құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі құрылымдық бөлімшесіне (заң бөліміне) қызметтік хат жібереді.
7. Сатып алушы төлем жөніндегі міндеттемелерді орындау мерзімін бұзған жағдайда, мерзімі өткен төлем сомасына мерзімі өткен бірінші күннен бастап берешек толық өтелгенге дейін әрбір күнтізбелік күнге 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде өсімпұл есептеледі. Бұл ретте есептелген өсімпұлдың жиынтық сомасы актив құнының 10% (он пайызы)-нан аспауы тиіс.
8. Сатып алушыдан немесе өзге төлеушіден активке ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді толық орындауға жеткіліксіз мөлшерде ай сайынғы төлем түскен жағдайда, бұл ақша қаражаты мына кезектілікпен бөлінеді: бірінші кезекте – есептелген айыппұлды (өсімпұлды) өтеуге, екінші кезекте – Сатып алушы шарт талаптарына сәйкес төлеуге тиіс өзге төлемдерге, үшінші кезекте – Сатып алушы немесе өзге төлеуші көрсеткен төлем мақсатына қарамастан, негізгі борышты (актив құнын) өтеуге.
9. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджетке салықтарды және өзге де міндетті төлемдерді уақтылы төлеу.
10. Объект бойынша барлық өзгерістер/жаңартулар Баланс ұстаушымен келісім бойынша жүргізіледі;
11. Берешек өтелмеген жағдайда – «СПК «KOKSHE» АҚ шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.
12. Объектінің іс жүзінде иеліктен айырылуына әкеп соқтыратын кез келген заңды және нақты іс-әрекеттер жасамау;
13. Сатып алушы салықтық төлемдердің уақтылығы мен дұрыстығына, сондай-ақ өз кінәсінен туындаған (салық органы немесе сот растаған) айыппұлдар мен өсімпұлдарды төлеуге дербес жауапты болады.

14. Шартты тиісінше орындамауы салдарынан Баланс ұстаушыға келтірілген залалдарды өтеу;
15. Шарт тоқтатылған кезде (шарт мерзімі аяқталғанда, мерзімінен бұрын бұзылғанда) Объектіні он жұмыс күні ішінде Баланс ұстаушыға беру.
16. Активке меншік құқығы сатып алушыда меншік құқығының өтуін мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап туындайды. Бұл ретте сатып алушы актив құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді толық орындағанға дейін, актив сатып алушының сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету мақсатында Компанияның кепілінде болады. Кепіл шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ресімделуге және мемлекеттік тіркелуге жатады.

II. Конкурс қатысушыларына қойылатын талаптар:

1. Қатысушы тарату, қайта ұйымдастыру немесе банкроттық процесінде болмауы тиіс (заңды тұлғалар/ЖК үшін).
2. Қатысушы адал емес жеткізушілер/мердігерлер тізіліміне енгізілмеуі тиіс (ұйымдастырушыда мұндай тізілім болған жағдайда).
3. Расталған төлем қабілеттілігі – растайтын құжаттарды ұсыну.
4. Соңғы 3–5 жыл ішінде сатып алу-сату, қарыз, лизинг және т.б. шарттар бойынша бұрын қабылданған міндеттемелерді орындамау фактілерінің болмауы (заңды тұлғалар/ЖК үшін), жеке тұлғалар үшін – ПКБ есебімен расталған оң кредиттік тарих.
5. Меншік құқығының тек толық төлемнен кейін ғана өтуі шартымен келісу (егер бұл шартта көзделсе) немесе сатушының пайдасына ауыртпалықты (ипотека/кепіл) тіркеуге келісу.
6. Құжаттар пакетіне қойылатын талаптар
 - 6.1. Белгіленген нысандағы қатысуға арналған өтінім.
 - 6.2. Құрылтай құжаттары – заңды тұлғалар үшін; жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлғалар үшін.
 - 6.3. Өтінімге қол қоятын тұлғаның өкілеттіктерін растайтын құжаттар (сенімхат, басшыны сайлау туралы шешім) – заңды тұлғалар/ЖК үшін.
 - 6.4. Салық органының белгісі қойылған немесе аудиторлық қорытындысы бар соңғы есепті кезеңдегі бухгалтерлік (қаржылық) есептілік (заңды тұлғалар/ЖК үшін).
 - 6.5. Бюджет алдында берешектің бар-жоғы туралы салық органдарының анықтамасы.
 - 6.6. Кепілдік жарнаны енгізгенін растайтын құжат.
 - 6.7. Сатып алынатын активті пайдалану жөніндегі техникалық-экономикалық негіздеме (бизнес-жоспар) — сатып алушының бөліп төлеудің бүкіл мерзіміне төлем қабілеттілігін бағалау қажет болған жағдайда (заңды тұлғалар/ЖК үшін).
 - 6.8. ПКБ-дан алынған есеп (кредиттік тарих) және төлем қабілеттілігін растайтын құжаттар (соңғы 6 айға арналған БЖЗҚ-дан үзінді көшірме, соңғы 12 айға арналған ЖҚ туралы анықтама).
 - 6.9. Бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкес мәміле бақылауға жататын жағдайда — активті сатып алуға монополияға қарсы органның келісімі (заңды тұлғалар/ЖК үшін).
 - 6.10. Сотталмағаны туралы/соттылығының жоқтығы туралы анықтама.
 - 6.11. Дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сақтауға және таратуға келісім.

III. Бұзушылықтар:

Өзге сипаттағы бұзушылықтар (мақсатсыз пайдалану, өрескел салғырттық).

Шарт талаптарын орындау шеңберіндегі өрескел салғырттық деп объект мүлкіне, оның

қызметіне не қызметтерді тұтынушылардың өмірі мен денсаулығына елеулі зиян келтірген немесе әкелуі мүмкін іс-әрекеттерден немесе әрекетсіздіктен көрінетін шартты тиісінше орындамау түсініледі.

Мұндай жағдайларға, атап айтқанда, мыналар жатады:

- пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтамау;
- авариялық жағдайларға әкеп соққан инженерлік желілер мен жабдықты тиісінше күтіп ұстамау;
- қызметтерді тұтынушылар алдындағы міндеттемелерді жүйелі түрде бұзу, негізделген шағымдарға, талап-арыздарға не сотқа жүгінулерге әкеп соғу;
- тиісті бақылаудың, есепке алудың немесе пайдаланудың болмауы салдарынан объект мүлкіне зиян келтіру;
- уәкілетті мемлекеттік органдардың нұсқамаларын елемей, әкімшілік немесе өзге де жауапкершілікке әкеп соғу.

Осы бұзушылықтар анықталған және шарт талаптары орындалмаған жағдайда «СПК «KOKSHE» АҚ шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға жіберуден бас тарту негіздері:

- құжаттардың толық пакетін ұсынбау немесе анық емес мәліметтерді ұсыну;
- қаржылық талаптарға сәйкессіздік;
- кепілдік жарнаны белгіленген мерзімде енгізбеу;
- экономикалық қылмыстар үшін жойылмаған соттылықтың болуы (жеке тұлғалар/заңды тұлғалардың басшылары үшін) — егер бұл құжаттамада көзделсе;
- адал емес қатысушылар тізілімінде болу.